

Мемлекет басшысының бастамасымен осыдан бес жыл бұрын қолға алынған “Мерейлі отбасы” ұлттық байқауы жылдан-жылға кенейе түсуде. Бұл байқау салт-дәстүрді сақтай отырып, отбасы институтын нығайтуға бағытталған. [generic cialis soft from india](#) [generic cialis pills tadalafil](#) [cialis tadalafil 20mg](#) [medication comparison levitra or cialis](#) [online cialis](#) [order cheap cialis](#)
argaiv1582

Кеше облыс орталығында аталмыш конкурстың екінші кезеңі өтті. Салтанатты шара барысында татулықтың берік темірқазығына айналған мерейлі отбасылар тоғыз аталым бойынша анықталды. “Отбасылық іс” аталымы бойынша Қызылжар ауданындағы Надежда ауылының тұрғындары Асташовтар, Уәлиханов ауданынан Сағындықовтар және Аққайын ауданынан Филатовтар отбасылары жеңімпаз атанды.

“Әке, ана және мен – спортқа бейім отбасы” аталымы бойынша Есіл ауданынан Тұрыбаевтар әулетінің мерейі үстем болды. Нариман Құрманғалиұлы Ж.Кізатов атындағы ауыл шаруашылығы колледжінде дене шынықтыру, ал зайыбы Дәрия Сансызбайқызы қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің ұстазы. Отағасы волейболдан облыс чемпионы, қазақша күрестен бірнеше дүркін жеңімпаз. Ынтымағы мен ырысы жарасқан отбасылар арасынан бұл аталым бойынша Тимирязев ауданынан Собқаловтар және Айыртау ауданынан Кәкен отбасылары да жеңімпаздар қатарынан орын алды. “Ата-ана мақтанышы” аталымы бойынша жүзден жүйрік шыққандар арасында Тайынша ауданының намысын қорғаған Шариповтар, Петропавл қаласының тұрғындары Бойко мен уәлихановтық Смағұловтар отбасылары қорермендердің ерекше ықыласына бөленді.

“Еңбекшілер әулеті” аталымында Жамбыл ауданынан келген Әдрақовтар мен Габит Мүсірепов атындағы ауданнан Дәуітбаевтар және Тайынша қаласының тұрғындары Ермұқановтар әулеттері жеңімпаз атанып, күрмет-қошеметке бөленді.

“Онерлі отбасы” аталымында Аққайын ауданынан келген Мырзахмет Серікұлы мен Гүлмира Ермекқызы Айғожиндер жеңіс тұғырына қотерілді. Торт бала тәрбиелеп отырған жас отбасы Қазақстан халқының тілдері фестивалі аясында өткен “Отбасы – алтын дінгек” байқауының да жеңімпаздары. Бұл аталым бойынша есілдік Қорғанбай, Мағжан Жұмабаев ауданынан келген Рыспаевтар және Уәлиханов ауданынан Иманхан

әулетінің жұлдыздары жанды.

“Балалы үй – базар” аталымында сахна төріне Мамлют ауданынан келген Тілемісовтер, Мағжан Жұмабаев ауданынан Кошағелдиновтар және ақжарлық Хоршат пен Сабыровтар отбасылары шығып, қорермендер ықыласына боленді.

“Интернационал отбасы” аталымы бойынша айыртаулық Жангошқаровтар, Шал ақындық Шумекөвтар отбасылары жеңімпаз атанды.

“Қайырымды жүрек” аталымында Петропавлдық Манаповтар шанырағы жеңімпаз деп танылды. Жасұлтан Бауыржанұлы мен Алтынай Жамалқызы жүрегі кен жандар. Олар оздерінің үш баласымен қатар асырап алған екі бүлдіршінге де қамқорлық қорсетіп, мейірім шапағатын тогіп жүрген үлгілі ата-ана. Бұл аталым бойынша мамлюттік Тоқаревтар және тимирияевтік Молденовтар да ерекше сый-сияпатқа боленді.

“Атадан балаға мұра” аталымында Габит Мүсірепов атындағы ауданнан келген Баймурзиндер, жамбылдық Галимовтар және Қызылжар ауданында тұратын Ашмай отбасылары жұлдегер атанып, мерейлері үстем болды.

“Мерейлі отбасы” ұлттық байқауына қатысуга ниет білдірген шанырақ иелерін облыс әкімінің орынбасары Анархан Дүйсенова құттықтады.

Облыстық кезеңде бірінші орын қызылжарлық Некебаевтар және Петропавлдық Пархоменко отбасыларына бұйырды. Байқаудың жеңімпаздары Астана қаласында отетін “Мерейлі отбасы” бауқауының ақтық кезеңінде бак сынайтын болады.

Алма ҚУАНДЫҚҚЫЗЫ,

“Солтүстік Казакстан”.

СУРЕТТЕ: Некебаевтар өулеті.

Суретті тvсірген

Талгат ТӨНІБАЕВ.